



Терапиялық пайдалануға (ТП) өтінім беру үшін бақылау нысаны:

Нейропатиялық ауырсыну

Тыйым салынған зат: Есірткілер, каннабиноидтер

Бұл бақылау нысаны спортшыны және оның дәрігерін ТП-ға өтінімге қойылатын талаптармен таныстыруға арналған, бұл талаптар ТП комиссиясына ТП Халықаралық Стандартының тиісті критерийлерін қанағаттандыратынын бағалауға мүмкіндік береді.

Тек толтырылған ТП өтінімі жеткіліксіз екенін ескеріңіз; сонымен қатар растайтын құжаттар берілуі ТИИС. Толтырылған өтінім мен бақылау тізімі ТП-ға рұқсат берілуіне кепілдік бермейді. Керісінше, кейбір жағдайларда заңды қосымшада бақылау тізімінде әрбір элементтің болмауы мүмкін.

<input type="checkbox"/>	ТП өтінім нысанында болу керек:
<input type="checkbox"/>	Барлық бөлім түсінікті қолмен толтырылуы керек.
<input type="checkbox"/>	Барлық ақпарат ағылшын тілінде, аурудың диагнозы мен субстанция латын тілінде берілуі тиіс. Қазақ/орыс тілдеріндегі диагнозды растайтын құжаттар ағылшын немесе француз тіліне аударылып берілуі керек.
<input type="checkbox"/>	Емдеуші дәрігердің қолы
<input type="checkbox"/>	Спортшының қолы
<input type="checkbox"/>	Медициналық қорытындыда мынадай мәліметтер болуы керек:
<input type="checkbox"/>	Ауру тарихы: орталық немесе перифериялық жүйке жүйесінің анық зақымдалуы және оның нәтижесінде ауру пайда болады (мысалы, орталық, фантомды аймақ, регионарлық аймақтық ауырсыну синдромы), ауырсыну сипаты, емдеуге қосымша фармакологиялық және фармакологиялық емес тәсілдер
<input type="checkbox"/>	Неврологиялық зерттеулер бойынша қорытындылар
<input type="checkbox"/>	Ауырсынудың клиникалық сипаттамасына қатысты диагностикалық тест нәтижелері туралы мәлімет
<input type="checkbox"/>	Дәрігердің (мүмкін болса, дұрысы, невропатолог, физиотерапевт немесе ауырсыну жөніндегі маманның) симптомдар, белгілер және сынақ нәтижелеріне интерпретациясы
<input type="checkbox"/>	Диагноз
<input type="checkbox"/>	Есірткі заттарды немесе каннабиноидтарды тағайындау (екеуіне де жарыстарда тыйым салынған, бұл кластағы барлық тыйым салынған заттар тыйым салынған тізімде анық көрсетілген), оның ішінде мөлшері, жиілігі, енгізу жолы)
<input type="checkbox"/>	Ағзаның емге реакциясы
<input type="checkbox"/>	Баламалары (мысалы, антидепрессанттар, құрысуға қарсы препараттар, трамадол, капсаицин, лидокаин) неге пайдалануға болмағанын немесе болмайтынын түсіндіріңіз.
<input type="checkbox"/>	Диагностикалық сынақ / шкала нәтижелері мыналардың көшірмелерін қамтуы тиіс:
<input type="checkbox"/>	Визуализация нәтижелері: КТ немесе МРТ нәтижелері, егер қолдануға болса
<input type="checkbox"/>	Басқа сынақ нәтижелері: электромиография, нервтердің өткізгіштігін зерттеу, егер қолдануға болса
<input type="checkbox"/>	Қосымша ақпарат, оның ішінде:
<input type="checkbox"/>	Допингке қарсы ұйымның ерекшеліктеріне сәйкес маманның пікірі